

**"Камышин ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 16 қазандағы № 17 Камышин селолық округінің Камышный Чандак селосындағы құрамдас бөліктердің қайта атауы туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Федоров ауданы Камышин ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 7 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 13 маусымда № 4838 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтылулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес Камышин ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы** :

1. "Камышин селолық округінің Камышный Чандак селосындағы құрамдас бөліктердің қайта атауы туралы" Камышин ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 16 қазандағы № 17 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелу тіркелімінде 9-20-162 тіркелген, 2009 жылғы 19 қарашада "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:  
көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес, Федоров ауданы Камышин селолық округі, Камышный Чандак селосы тұрғындарының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:";

шешімнің мемлекеттік тілдегі шешімнің тақырыбына және бүкіл мәтін бойынша " селосындағы", "селолық", "селосының" деген сөздер тиісінше "ауылындағы", "ауылдық", "ауылының" деген сөздермен ауыстырылсын;  
орыс тіліндегі мәтін өзгертілмейді.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Камышин ауылдық округінің әкімі*

*С. Беккалиев*